

Республикалық "Қаржы-қаражат" баспасын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 маусым 1993 ж. N 554

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің республикалық "Қаржы-қаражат" баспасын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

"Қаржы-қаражат" баспасы қаржы, статистика, несие, ақша айналымы, бухгалтерлік есеп, бағалы қағаздар жөніндегі әдебиет, экономикалық жоғары оқу орындары, орта арнаулы оқу орындары үшін оқулықтар, анықтамалықтар және жарнама материалдарын шығарады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі баспа үшін мемлекеттің мұқтажы есебінен орталықтанған тәртіппен қағаз қорының қажетті көлемі мен түр-түрін, сондай-ақ полиграфиялық материалдар бөлуді көздейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп және Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының тиісті ғылыми-зерттеу институттарының, сондай-ақ жоғары оқу орындарының қатысуымен баспа шығаратын әдебиеттің болмысы жөніндегі проблемаларды талдап жасауына тұрақты әдістемелік көмек көрсетіп отыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті қысқа мерзімде баспаның жұмыс көлемі мен өндірістік қызметіне сай келетін қажетті қызмет және өндіріс үйлерін бөлетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігімен бірлесіп баспаны қажетті полиграфия базасымен, қазіргі отандық және шетелдік техникамен қамтамасыз ететін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне "Қаржы-қаражат" баспасын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қоры есебінен 100 млн. сом бөлінсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде "Қаржы-қаражат" баспасы туралы Ережені бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК